



70 ЖЫЛДЫҚҚА 70 СПОРТТЫҚ ІС - ШАРАЛАР

2021 ЖЫЛ

МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛҒАН КҮРЕС ФЕСТИВАЛІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Атырау спорт кешенінде ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Алпысбай Сейітқалиұлының 60 жылдық мерейтойына арналған күрес фестивалі өтті. Батыс аймақтық жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасында ұйымдастырылған ауқымды шараның ашылу салтанаты мерейтой иесіне арналған кезектен тыс кеңейтілген Ғылыми кеңестің мәжілісімен басталды. Шара модераторы - университетіміздің Басқарма Төрағасы-ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы құттықтау сөзін арнады.

Спорт ойындарының төрт түрінен болған фестивалде ойыншылар қарсыласына дес бермей, бақ сынасты. Нәтижесінде, дзюдо бойынша 66 келі салмақта Индер ауданының намысын қорғаған Айбек Абдинов айқын басымдықпен жеңіс тұғырынан көрінді.

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА МАС-РЕСТЛИНГ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай университет студенттері арасында мас-рестлинг жарысы өтті.

ЖАЙЛЫ БАССЕЙН ЖАТАҚХАНА СТУДЕНТТЕРІНЕ ТЕГІН





Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің №3 жатақхана бассейнінің ашылу салтанаты өтті.

Ашылу салтанатында лента қию рәсімі Әлеуметтік мәселелер мен жастар саясаты жөніндегі проректор Ләйлә Ерболатқызы Қойшығұлова мен баспасөз хатшысы Қайырбек Тарихұлы Сансызбаевқа ұсынылды.

Айта кету керек, қатал санитарлық және қиын техникалық қызмет көрсетуді талап ететін аталмыш бассейн жеке кәсіпкерге сенімгерлік басқаруға берілді. Өзара келісім нәтижесінде студенттерге - 70% көлемде, қызметкерлерге - 50%, жатақхана студенттеріне тегін түрде жеңілдік абонементтерін ұсынуға қол жеткізілді.

2018 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев жастарды қолдау бағдарламасына сәйкес 5 әлеуметтік мәселе көтерген болатын. Атап айтқанда, III әлеуметтік мәселе - студенттік жатақханамен қамтамасыз ету бойынша университет студенттеріне толыққанды жағдай туғызу басты назарға алынды. Осы ретте, жатақхана ішінде жайлы орын, қолайлы атмосфера, асханамен қатар оқу залы, компьютерлік сыныптар, ойын бөлмелері(тоғызқұмалақ, шахмат, теннис), кітапхана жұмыс істейді.

ФУТЗАЛДАН ТУРНИР ӨТТІ



«Жайық» спорттық-дамыту орталығының ұйымдастыруымен профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиев атындағы футболдан турнир өтті.

Жарысқа «Атырау-Ақпарат» ЖШС, Қалалық білім беру бөлімі, Облыстық білім беру басқармасы, «Атырау» облыстық телеарнасы, Қалалық мәдениет бөлімі, Сафи Өтебаев атындағы мұнай және газ университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті атынан құрама командалары бақ сынасты.

«ҚАЗАҚ СПОРТЫ ТАРИХЫ» АТТЫ МОНУМЕНТАЛЬДІ КЕСКІНДЕМЕСІ АШЫЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің “Жайық” спорттық кешенінде «ҚАЗАҚ СПОРТЫ ТАРИХЫ» МОНУМЕНТАЛЬДЫ КЕСКІНДЕМЕСІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ өтті.

Кескіндеменің негізгі мақсаты- Қазақ халқының көне заманнан бергі, ерекше күш қайрат иесі болғанын суреттеу. Және де бұл кескіндемеде қазақ даласы, өзендері мен таулары, әлемге әйгілі табиғаты, еліміздің аумағы, Алтайдан Атырауға дейін кең- байтақ мемлекетіміз бейнеленген. Сонымен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық ойындары, ерік – жігері, батыр бабаларымыздың өр рухы суреттелген.

Ашылу салтанатында «Қазақ спорты тарихы» монументальді кескіндеменің лентасын кию рәсімі Қазақстан және Қырғыстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жазушы, композитор, өнер зерттеуші, публицист, музыка танушы, Илья Жақанов және Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Ринат Хисаұлына берілді. Айта кетейік, спорт кешеніне спортшыларымыздың кескінін қыл қаламмен өрнектеген Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі, Атырау суретшілер Одағының төрағасы, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, Әбілхан Қастеев төсбелгісінің иегері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы Айса Бақтиярұлы Утаралиев, Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының, дизайнерлер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының көркем Академиясының академигі Қамбарбек Хасенұлы Аманов, Қазақстан Республикасының суретшілер Одағының, дизайнерлер Одағының мүшесі, аға оқытушы Нұрлан Әбиұлы Бермағамбет сынды суретшілеріміздің еңбегі зор.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 70-жылдығына арналған «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерінің және спортшыларының ерлігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

«Zoom» бағдарламасы негізінде өткен жиынға ҚР Білім және Ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» бас директоры Тастанбек Құтжанұлы, п.ғ.к профессор, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының құрметті президенті Серік Адамұлы және өзге де еңбек сіңірген жаттықтырушылар қатынасты.

«КҮЗГІ КРОСС – 2020» ТУРНИР



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 70 жылдығына орай, Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен Жеңіл атлетикадан студенттер арасында «Күзгі кросс-2020» ашық атлетика жарысы өтті.

Жарыстың мақсаты - студенттерді достыққа, патриоттық сезімге, отан сүйгіштікке тәрбиелеу, салауатты өмір сүру салтын насихаттау.

Жарыс қорытындысы бойынша 1000 м ашық жарыстан 1-орынды Жоламан Дәуір, қыздар арасында 500 м жарыста Зәтүпа Дария 1-орынға ие болды.

УНИВЕРСИТЕТ ҰСТАЗДАР КОМАНДАСЫ ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРДЕ ЧЕМПИОН АТАНДЫ



Зұлхашев Дарын Еркінғалиұлы атындағы ашық турнир өтті. Осы жарыста Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Лукпанов Саламат жарыстың «Үздік ойыншысы» болып танылды. Командамызды және жаттықтырушылар Мухамбетәлі Амантай мен Султанғалиев Русланды жеңістерімен құттықтаймыз!!!

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕШЛІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің "Жайық" спорт кешенінде профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне арналған тыныс алу жаттығулары өтті. "Дене тәрбиесі" кафедрасы аталмыш шараны дүниежүзі бойынша орын алған індеттің алдын-алу, салауатты өмір салтын сақтану мақсатында ұйымдастырды.

АШЫҚ ТЕННИС ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Спорт әрбір адамның денсаулығына жақсы әсер ететіні белгілі. Қазіргі заманда теннис студенттер мен жасөспірімдердің арасында өте танымал болып табылады, оған қоса адамның физикалық және психологиялық денсаулығына аса пайдалы.

Осы орайда, 14 қазанда Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен жатақхана студенттері арасында ашық турнир өтті

ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ ОРАЙ ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС



Төл мереке Ұстаздар күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Жайық спорт кешенінде волейболдан жарыс өтті. Жарысқа Университет құрамасы мен Әскери кафедра құрама командалары қатысып, жоғары көрсеткіш көрсетті. Сайыс соңында үздік ойын көрсеткен ойыншылар марапатталды.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Алматы қаласында республикалық мектеп оқытушылар арасында Президенттік көпсайыс түрінен жарыс өтті.

Жарысқа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен Нұролла Мамбетов басқаратын жеңіл атлетика құрама командасының мүшесі Жоламан Дәуір қатысып, 100 метрді 12 секундта , 1000 метрді – 2 минут 50 секундта көрсетіп, чемпион атанды.

ДЕНСАУЛЫҚ - ЗОР БАЙЛЫҚ



Спорт-денсаулық кепілі. Онымен күнделікті шұғылданудың кім-кімге де тигізер пайдасы зор. Өйткені, дана халқымыз «Дені саудың- жаны сау» деп текке айтпаған. Бұл бағытта Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде де жаңа оқу жылының басында игілікті жұмыстар қолға алынууда.

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Спорт саласында ойындардың тек физикалық тұрғыдан мықты болуға емес, сонымен қатар интеллектуалды дамуға бағытталған түрлері бар. Осы орайда Халықаралық Студенттік спорт күніне орай Жастар саясаты департаменті, Дене шынықтыру кафедрасы және спорт клубының ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ пен шахмат ойындарынан 2 жатақханада студенттер арасында ашық турнир өтті.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕШЛІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері COVID-19 пандемиясының таралуына байланысты жарияланған карантинде бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында челлендж жолдаған болатын. 12 маусым күні университетіміздің Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Қойшығұлова Ләйлә Ерболатқызы челленджге қатысып, белсенділік танытқан әріптестерімізді марапаттады. Атап айтар болсақ, Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің деканы Абдинов Рауан Шарипбаевич жүлделі I орынға ие болды.

ВОЛЕЙБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРІНШІЛІГІ АЯҚТАЛДЫ





Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жайық спорт кешенінде университетіміздің 70 жылдық мерейтойына арналған волейболдан Қазақстан Республикасының біріншілігі аяқталды.

Қазақстанның ең мықты волейболшыларын профессор, университет ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы мен облыстық волейбол федерациясының директоры Қайыржанов Габиден Катиғұлы марапаттады.

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!





Орал қаласында КСРО спорт шебері, ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Есмағұлов Камеш Есмағұлының 80 жас мерей тойына арналған жоғары оқу орындары және колледж студенттері арасында дзюдодан жарыс өтті.

Жарысқа Ресей мемлекетінің Оренбург қаласынан, Ақтөбе қаласынан, Атырау қаласынан және Орал қаласындағы барлық жоғар оқу орындары мен колледж студенттері қатысты.

Турнир соңында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері жалпы есеппен 2 алтынға ие болды. Сонымен қатар, Қостанай қаласында Белбеу күресінен ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 4 курс студенті Амандық Абылай чемпион болды. Жеңіске жеткен спортшыларымызды құттықтаймыз!

«АЛ,ҚАНЕ ҚЫЗДАР!»САЙЫСЫ ӨТТІ





Университетіміздің спорттық-мәдени кешенінде Дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің факультеттері арасындағы «АЛ,ҚАНЕ ҚЫЗДАР» сайысы өтті. Сайыстың мақсаты – университет профессор оқытушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту. Жарысқа 5 команда қатысты:

Осы «АЛ, ҚАНЕ ҚЫЗДАР» сайысына арнайы келген қадірменді қонақтар қатарында, университет ректоры, профессор Саламат Нұрмұханұлы, педагогика кафедрасының профессоры Қаражігітова Роза Қаражігітқызы, шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының доценті Капакова Алтын Жумагазиевна, физика-математика және ақпараттық технологиялар факультеті, математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры п.ғ.д, Барсай Бақыт Телжанқызы бар. Командалар спорттық дәлдік эстафетасы, аударыспақ, велосипедпен әртүрлі кедергілермен жүріп өту, күш сынасу тартысы, шеңбер жасап жүру турларынан сүрінбей өтті. Нәтижесінде жалпы командалық есепте инновациялық білім беру факультеті суырылып алға шығып, I орынды жеңіп алды

«SPORTLAND» ФАКУЛЬТЕТ АРАЛЫҚ ЭСТАФЕТАСЫ ӨТТІ



Бүгін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Болашақ» клубының ұйымдастыруымен «Sportland» факультет аралық эстафетасы өтті.

«Sportland» шарасының негізгі мақсаты - студенттерді спортпен шұғылданып салауатты өмір салтын ұстануға баулып отырып, командамен бірігіп жұмыс жасауға, ұйымшыл болуға үйрету.

Эстафета факультет арасында ұйымдастырылғандықтан, барлық факультет студенттері қатысып, белсенділік танытты.

Эстафетаның қорытындысы бойынша жүлделі I орынды - Физика- математика және ақпараттық технологиялар факультеті, II орынды Экономика және құқық факультеті, III орынды Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті иеленді.

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА СПАРТАКИАДА ӨТТІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрылғанына 70 жыл толу мерей тойына арналған студенттер арасында Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультет ішілік спартакиадасы өтті.

Факультет ішілік студенттер арасында өткізілген спартакиада 29 ақпан күні футболдан, 1 наурыз күні волейболдан өтті.

Спартакиаданың мақсаты - салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, аталған жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтап факультет құрама командасына ойыншыларды іріктеу.

Жарысқа 1-4 курс студенттері белсенді қатысты. Жүлделі орын алған командалар кубокпен, медальдармен және I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жақсы ойын көрсеткен үшін командалар және ойыншылар әр түрлі номинация бойынша алғыс хаттармен марапатталды. Спартакиада жоғары деңгейде өтті.

АИДА- ЧЕМПИОН!



26 ақпан мен 1 наурыз аралығында Алматы қаласында Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Муайтайдан ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 60 келі салмақта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің экономика және құқық факультетінің, құқықтану мамандығының 2 курс студенті Хайруллина Аида жүлделі I-ші орынға ие болып, чемпион атанды! Аиданы жеткен жеңісімен құттықтаймыз!

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Университетіміздің спорт мәдени кешенінде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 – жылдық мерей тойына орай «Гір спорты мен қол күрестен» студент, жастар (ұлдар, қыздар) арасында ашық турнир өтті.

Жарысқа Ақтау қаласының жастар және жасөспірімдер құрама командасы, Орал қаласының құрама командасы, АПЭК Петро Техник жоғары колледж командасы, Атырау мұнай газ университет құрама командасы, Назарбаев зияткерлік мектеб командасы, Атырау инженер гуминарлық университет командасы және университетіміздің барлық факультеттерінен жиналған құрама командасы қатысты.

Жарыстың құрметті қонақтарының қатарында, Маңғыстау облысының Гір спортымен қол күресі федерациясының президенті Исламғалиев Роман Мұстафаұлы, Батыс-Қазақстан облысының Гір спортымен қол күресі федерациясының президенті Ибатов Мұрат Қолғанатұлы және университетіміздің ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы болды.

Жарыс қортындысы бойынша, Гір спортынан 1-орынды Ақтау командасы, 2- орынды Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті командасы, 3- орынды Орал қаласының құрама командасы жеңіп алды. Қол күресінен 1-орынды Орал қаласының құрама командасы, 2- орынды Ақтау командасы, 3- орынды Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті командасы иеленді.

Жарыс жоғары дәрежеде өтті.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері Абу Аманжан 52 келі және Жұмабай Парасат 62 келі салмақ дәрежесінде, Минск қаласында Беларуссия елі Президентінің жүлдесіне арналған самбо және жауынгерлік самбо күресінен халықаралық "А" санатты турнирінде ЧЕМПИОН атанса, жауынгерлік самбодан 57 келі салмақта Тусупов Серікжан күміс жүлдені еншіледі. Осындай "А" санатындағы Халықаралық турнирде жарыс жеңімпазына Халықаралық спорт шебері атағы беріледі. Абу Аманжан аталған спорттық нормативті орындады! Аманжанды, шынжүректен құттықтаймыз!

СТУДЕНТИМІЗ СЕРІКЖАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ!



Атырау қаласында өтіп жатқан ҚР-ның чемпионатында жауынгерлік самбодан, университетіміздің дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті, халықаралық дәрежедегі спорт шебері 57 келі салмақ дәрежесіндегі Тусупов Серікжан чемпион атанды!

АТЫРАУЛЫҚ АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



Атырау қаласында өтіп жатқан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтіп, еліміздің барлық өңірінен келген 200-ге жуық былғары қолғап шеберлерінің шаршы алаңдағы бәсекелері алты күнге созылды. Осылайша, ақтық сынға қоржынымызға бір қола медаль сала шығып, қалған қос саңлағымыздың қолғап түйістірулерін асыға күттік. Осыған дейінгі кездесулерінің бәрін уақытынан бұрын аяқтаған жерлесіміздің мықтылығы көрер көзге анық сезіліп тұрды. Аманат Сабырғали бұл сында да басым болып, Қазақстан чемпионы атанды.

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 жылдық мерей тойына арналған «Ректор кубогі» үшін профессор-оқытушылар құрамы және әкімшілік департаменті қызметкерлері арасындағы дәстүрлі 68-ші спартакиадасының жеңімпаздары анықталды. Спартакиаданың негізгі өткізілу мақсаты - профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау және бұқаралық спортты одан әрі дамыту болып табылады.

Жеңімпаздарды марапаттау үшін сөз алған университет ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы жарысқа қатысушыларға ризашылығын білдірді. Дәстүрлі 68-ші спартакиаданың қорытындысы бойынша биылғы жылдың Ректор кубогін экономика және құқық факультеті жеңіп алды.

АТМУ СТУДЕНТТЕРІ МУАЙ-ТАЙДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ



Абу-Дабиде Муай-тайдан ерлер мен әйелдер арасында Азия чемпионаты өтті. Ұлттық құрама сапында қос студентіміз жұлде тұғырынан көрінді.

Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Әбіл Галиев алтын және Құқықтану мамандығының 2 курс студенті Аида Хайруллина қола жүлдеге ие болды. 63,5 келі салмақта Әбіл Галиев іріктеу кезеңдерінде Бахрейн елінің спортшысы Али Альшуваика мен Ирандық Махди Асадиді жеңді. Жартылай финалда Вьетнамдық Чонг Мин Патты жеңсе, ақтық сында жергілікті спортшы Самир Нуриддиннен басым түсті. Айта кету керек, Әбіл Галиев қыркүйек айында қаламызда өткен GFC-17 турнирінде кәсіпқой жекпе-жегін өткізіп, тай спортшысын айқын басымдылықпен жеңген болатын.

ДЗЮДОДАН АШЫҚ ТУРНИР



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде дзюдодан республикалық турнир өтті. Ашық жарыс болғандықтан еліміздің әр аймағынан бөлек Азербайжан, Дагистан, Өзбекстан мемлекеттерінен да балуандар келді. Жалпы саны 250 дзюдошы қатысқан турнир, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, қазақ күресінің тарихында есімі алтын әріппен жазылған Марат Сәуенұлының мерейлі 60 жасқа толу құрметіне арналды. Ашық турнирге арнайы келген қонақтар қатарында, Атырау дзюдо федерациясының президенті Нұрлыбек Ожаев, Астана қаласынан келген Марат Сәуенұлының шәкірті, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Арсен Хатип, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылым жөніндегі проректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы болды.

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрылғанына 70 жыл толуына орай студенттер арасында ұйымдастырылған факультетаралық спартакиада өз мәресіне жетті.

Спартакиаданың негізгі мақсаты – студент жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап, бұқаралық спортты одан әрі дамытып, аталған жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтап, университет құрама командасына ойыншыларды іріктеу болды.

Дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен өткен спартакиада студенттер спорттың 8 түрінен, атап айтсақ кіші аяқ добы (ұлдар), гандбол (қыздар), волейбол (ұлдар, қыздар), баскетбол (ұлдар, қыздар), үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлингтен бақтарын сынап, жарысқа түскен болатын.

Ойынға қатысушылар арасынан үздіктері де анықталып марапатқа ие болды.

ӘБІЛМАНСҰР "ҮЗДІК ЖАС СПОРТШЫ" АТАНДЫ



Дене шынықтыру және спорт мамандығының II курс студенті, каратэ-додан әлем чемпионы, университетіміздің мақтанышы Батырғали Әбілмансұр "Үздік жас спортшы" атанды.

Айта кетейік, 30 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің ұйымдастыруымен "Алтын самғау-2019" спорттық жұлдесі өткен болатын. Аталмыш шарада Әбілмансұр үздіктер арасынан топ жарып, "үздік жас спортшы" номинациясын жеңіп алды. Әбілмансұрды жеңісімен құттықтаймыз!

СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрылғанына 70 жыл толуына орай студенттер арасындағы факультетаралық спартакиада басталды.

Спартакиаданың мақсаты – студент жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, бұқаралық спортты одан әрі дамыту, аталған жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау, университет құрама командасына ойыншыларды іріктеу.

Спартакиада дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен 11-29 қараша аралығында университеттің 1-оқу ғимаратының спорт залында және университеттің спорт мәдени кешенінде өтеді.

Жарыс спорттың 8 түрінен, атап айтсақ кіші аяқ добы (ұлдар), гандбол (қыздар), волейбол (ұлдар, қыздар), баскетбол (ұлдар, қыздар), үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлингтен өткізіледі.

СПОРТ САЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ



10-13 қазан аралығында Алматы қаласында Қазақ спорт және туризм академиясының 75 жылдығына арналған «Университеттік спорт: Денсаулық және ұлттық өркендеу» атты ІХ студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция өтті

Конференцияны ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Халықаралық университеттік спорт федерациясы, Дене шынықтыру және спорт университеттерінің халықаралық қауымдастығы және Қазақ спорт және туризм академиясы.

Конференцияға әлем қауымдастығының 22 елінен 30 университеттің өкілдері және дене шынықтыру, спорт және туризм саласындағы жас ғалымдар мен студенттері қатысты.

Конференцияның мақсаты - студенттік спортты дамытудың, денсаулықты сақтау мен жақсартудың әртүрлі аспектілерін талқылау, студенттерді дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде таныстыру, жаңа спорттық-сауықтыру және спорттық технологияларды анықтау болды.

Осы конференцияға университетімізден дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы Хабилов Рафаэль Ралитұлы мен дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы, қазір Қазақ спорт және туризм академиясының докторанты Қайрғожин Дулат қатысып, жиған тәжірбиелерімен бөлісті.

Конференция қонақтары: ақын, жазушы және қоғам қайраткері Олжас Сулейменов, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сапиев, Халықаралық университеттік спорт федерациясының президенті (FISU) Олег Матыцин, Халықаралық дене шынықтыру және спорт университеттері қауымдастығының құрметті президенті Владимир Платонов, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада Комитеті Президентінің кеңесшісі Бакытжан Ордабаев. Сонымен қатар 22 жақын және алыс шетел университеттерінің ректорлары мен қонақтары және Олимпияда жеңімпаздары, жүлдегерлері, Әлем чемпиондары қатысты. Олар Даулет Турлыханов, Серик Сапиев, Бахтияр Артаев, Демеу Жадраев, Жаканша Корлан, Алихан Каранев, Асхат Житкиев.

ЧЕМПИОНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің мәдени-спорттық кешенінде FIGHT NIGHTS GLOBAL нұсқасы бойынша әлем чемпиондары Жумагулов Жалғас және Морозов Сергеймен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Кездесуге профессор-оқытушылар мен студенттер және Атырау қаласының спорт жанкүйерлері қатысты.

Іс-шарада спортшылардың жеңістері туралы видеоролик көрсетіліп, шымылдығы мемлекеттік гимнмен ашылды.


БАҚ АРАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕ



23 маусым күні Атырауда облыстық әкімшіліктің қолдауымен, Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Байланыс және ақпарат қызметкерлері» күніне арналған БАҚ өкілдері арасында спорттық ойындар жарысы өтті. Оған облыс бойынша телеарна, газет-журнал, сайт, т.б. бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен барлығы 8 команда қатысты. Командалар спорттың екі түрінен, атап айтқанда, шағын футбол және волейболдан сынға түсті. Аталмыш шараға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің МЕДИАОРТАЛЫҚ қызметкерлері биыл алғаш рет қатысты. БАҚ арасындағы бәсекеде медиаорталық командасы қарсыластарынан оза шауып, нәтижесінде футболдан III орын, волейболдан II орынды жеңіп алды. Спартакиаданың соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табыс етілді.

ЖУЗУДЕН СЕМИНАР БОЛЫП ӨТТІ





Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы мен университетіміз бірігіп Атырау облысының мектептерінің дене шынықтыру пәнінің 50 оқытушысына «Жазғы сауықтыру науқаны кезеңінде балдарды жүзуге үйрету» тақырыбында оқу – әдістемелік семинар өткізді.

Семинар барысында дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының жүзу пәнінің аға оқытушылары Шеркешбаева Гулсара Қуанышқызы мен Хабиров Рафаэль Ралитұлы лекциялық және жүзу бассейнінде практикалық сабақтар өткізді. Оқытушыларға семинар соңында сертификат табыс етілді.

УНИВЕРСИТЕТ САМБО КОМАНДАСЫ БИІК ТҰҒЫРДА





Ақтөбе қаласында 21-25 мамыр аралығында өткен X жазғы универсиадасында спорттық Самбодан университет құрама командасы жоғары жетістікке қол жеткізді.

Жарысқа Қазақстан Республикасының 15 жоғары оқу командалары қатысты.

Жалпы командалық есепте университет ерлер құрама командасы 2- орын иленеді, ал қыздар командасы 5- орын алды. Команда жетекшілері Дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі, профессор, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы Аралбаев Алпысбай Сейтқалиұлы және ДШ және БӘД кафедрасының аға оқытушысы Хабилов Рафаэль Ралитұлы.

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Студенттер арасында Ақтөбе қаласында X жазғы универсиада ойындары өтті. Жарысқа дзюдо күресінен 22 команда бақ сынып, сайысқа түсті. Қорытынды есеппен, командалық сайыста Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің спортшылары жүлделі III орынға ие болды және дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 ші курс студенті Сырбаз Талғат еркін күрестен 65 кг салмақта қатысып, жеңімпаз атанды. Спортшыларымызды жеткен жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз.

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ САЙЫСЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70-жылдығын атап өтуге арналған «70 қадам» бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты ҚР ҚК мен Ұлы Отан соғысының жеңіс күніне орай Инновациялық білім беру факультеті, Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасы студенттерінің арасында әскери-спорттық сайыс өтті.

Студенттер спорттық сайыстың 5-түрінен жарысқа түсті. Яғни, 800 м қашықтыққа жүгіру; Калашников автоматын бұзып, жинау; Кедергілерден жүгіріп өту; Химиялық шабуыл кезінде тыныс алу және жеке тері қорғау құралдарын кию; Пневматикалық винтовкадан ату; Осы аталған спорт түрлері Дене шынықтыру және әскери дайындық кафедрасының 1-ші, 2-ші, 3-ші курс студент топтары арасында жарыс болды.

ДЗЮДОДАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТУДЕ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Жайық спорт кешенінде 1999-2001 жылы туылған жастар арасында дзюдодан Қазақстан Республикасы чемпионаты өтіп жатыр.

Жастар жылына және жас қазақстандықтар арасында спортты насихаттауға бағытталған жарысқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен 500-ге жуық спортшы қатысуда. Дзюдодан ҚР чемпионатын Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев ашып, қатысушыларға жеңіс тіледі.

Чемпионаттың алғашқы күнінде 55-60 келі салмақтағы, ал екінші күні 60, 66, 81 келі салмақтағы балуандар белдесті. Жарыс кезінде 66 келі салмақта өнер көрсеткен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Жаратылыстану факультетінің 1 курс студенті Ермек Амангелді чемпион атанды.

СТУДЕНТТЕР СПАРТАКИАДАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



«Жастар жылына» арналған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттер арасындағы факультет аралаық спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Спартакиада 2019 жылдың 11 ақпан – 1 наурыз аралығында университеттің Спорттық мәдени кешені және бас оқу ғимаратының спорт залында өтті. Жарысқа күндізгі оқу бөлімінің студенттерінен жасақталған факультет құрама командалары қатысқан болатын.

I орынды 46 ұпаймен Инновациялық білім беру факультеті, II орынды 36 ұпаймен Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, III орынды 32 ұпаймен Экономика және құқық факультеті, IV орынды 29 ұпаймен Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті, V орынды 26 ұпаймен Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, VI орынды 20 ұпаймен Көптілді білім беру факультеті иеленді.